


Бекітемін
«Павлодар дарыны»
БУҚДДО МҚҚК басшысы

Шаймұрат А.Б.

Қалалық жалпы білім беретін оқу орындары оқушылары
арасында өтетін М.Макатаев оқуларының
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

- 1.1. М.Макатаев оқуларының күрүлтайшылары облыстық білім департаменті, аудандық, қалалық білім бөлімдері мен басқарламары, жергілікті жерлердегі білім үйімдары болып табылады.
- 1.2. Осы ережелер респубикалық жалпы білім беретін оқу орындарының оқушылары арасында өткізілетін М.Макатаев оқуларының мәртебесін, мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.
- 1.3. Республикалық жалпы білім беретін оқу орындарының оқушылары арасында өткізілетін М.Макатаев оқуларының мақсаты мен міндеттері:
 - респубикалық жалпы білім беретін оқу орындарының оқушылары арасында М.Макатаевтың шығармаларын насиҳаттау;
 - респубикалық жалпы білім беретін оқу орындарының оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талантдарын, тұма талант, табиғи дарындарын анықтау;
 - оқушылардың поэзияға деген құштарлығын арттыру, өлең сезінің құдреті мен қуатын жанымен сезініп, жүргегімен түсіне білуге үйрету. Өз ой-пікірлерін ғылыми тұрғыда жеткізе білуін дамыту;
 - жас ақындарға әлеуметтік-рухани қолдау көрестіп, олармен шығармашылық жұмыс түрлөтін жандандыру. Жас буынның тарихи танымдарын, демократияға және азаматтық бағдарлаптан дүниетанымдары мен сана-сезімдерін, өмірге көзқарасын қалыптастыру.

2. Мұшәйраның шарттары

- 2.1. М.Макатаев оқуларына қатысатын оқушының жан-жанқты дарынды поэзияны сүйтеп, оны тақырыбына сай талдай біletін, ғылыми жұмысқа бейімі бар, өлеңді мәнерлеп, көркем оқи алатын қасиеті әрі ақындық талабы болуы шарт және облыстық байқаудың жүлдегері болу керек. М.Макатаев оқуларына қатысушы үміткер ақын қызын М.Макатаевтың шығармашылығын жаксы білуі керек және келген өлеңдер талдай алуды қажет. Сонымен бірге талапкер өз шығармашылық қабілетін танытуы керек.

- 2.2 «Менің пірім - Мұқағали» айдарында – оқушы Мұқағалидың бір өлеңін ой кестесіне сай көркемдеп оқиды, жүріс-тұрыс мәдениеті, өзің сахнада ұстауы үлгілік дәрежеде болуы тиіс (5-10 балл).
- 2.2. «Жауқазын жыр жанымды жүр мазалап ...» айдарында оқушы өз төл туындысын оқиды. Оның көркемдігі, ойлышыны, оку мәнеріне, жатқа окуына назар аударылады (5-10 балл).
- 2.4. «Жыр эстафетасы» айдарында үміткерлер «Ақкулар үйықтағанда», «Райымбек, Райымбек» жатқа толық білуі керек. Оқушылар жеребе бойынша талдауына түскен поэманды жатқа айту арқылы өзара сынға түседі.
- 2.5. Берілген үйқасқа олең құрайды. Берілген дайын үйқасты пайдалана отырып, тұжырымды, түйінді бір шумак өлең туғызы. Ол ұтымды, жүрт көнілінен шыгардай болғаны абзал. (5-10 балл)
- 2.6. «Өлеңнен өрілген ой» айдарында үміткер берілген Мұқағали өлеңдерінің шумактары бойынша оның тақырыптық мазмұнын ашады, көркем ой кестесімен тақырыпты дамытады. Мұнда шешендігі, ой жүйелілігі, ұтымды жауабы ескеріледі. Мәселен «Кошеді өлең, немесе өшеді өлең» немесе «Шеше сен бақыттысын тербете бер, Құба талдан иілген бесігімді» деген тақырыптағы өлеңдерінен ой өрістету (5-10 балл).
- 2.7. «Мұқағали мұрасын кім көп біледі» - сұрап-жауап ойыны. Бұл «Ғасыр көшбасшысы» ойындағы «Жорға» ойыны секілді, 1 минутта 10 сұраптың қаншасына жауап береді, әрі оның шешуі дұрыс екендігі ескеріледі. әр дұрыс жауап – 1 үпай.
- 2.8. М.Макатаев оқуларының соңғы кезеңіне қатысуға жолдама алған талапкер толық мәліметті іріктеу комиссиясы республикалық үйымдастыру комитетіне жібереді. Қатысушылардың аты-жөні бүркеншек атпен (псевдоним) берілуі тиіс.
- 2.9. М.Макатаев оқуларына жалпы білім беретін мектептердің 7-11 сынып оқушылары қатыса алады.
- 2.10. М.Макатаев оқуларының соңғы кезеңі, республикалық тур Райымбек ауданы Қарасаз ауылында өткізіледі.
- 2.11. Откізу мерзімі – 2 қазан 2017 ж. Бағталуы сағ: 15.00**

3. Жұмыс органдары

- 3.1. М.Макатаев оқуларының шешуші соңғы кезеңін дайындау және өткізу жөніндегі үйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыру және үйлестіру мақсатында қалалық білім беру бөлімінің бүйрүгімен үйымдастыру комитеті құрылды.
- 3.2. Қалалық үйымдастыру комитетінің төрагасы – облыстық білім департаментінің директоры.

4. Қазылар алқасы

- 4.1. М.Макатаев оқуларының қазылар алқасының күрамы төрагадан, хатшыдан және 3-5 алқа мүшелерінен тұрады.
- 4.2. Қазылар алқасының күрамын қалалық үйымдастыру комитетін бекітеді.

4.3. Қазылар алқасы:

- талапкердің өнеріне талдау жасайды және 10 балдық жүйемен бағалайты;
- катысуышылардың өнерін бағалаудағы мәселелерді талқылайды және кәжет болған жағдайда тиісті тұзетулер енгізеді;
- жеңімпаздарды анықтайты және жүлделі орындарды бөледі.

4.4. Қалалық білім беру бөлімінен М.Мақатаев оқуларының қорытындысы бойынша есеп береді.

5. Жұлдегерлерді марапаттау

5.1. М.Мақатаев оқуларының ашылу және қорытындылануы, жеңімпаздарды марапаттау рәсімі салтанатты түрде өтеді.

5.2. М.Мақатаев оқуларының қалалық кезеңінің жеңімпаздары қалалық білім беру бөлімінің дипломдарымен, ынталандыру грамоталарымен марапатталады.

5.3. М.Мақатаев оқуларының шешуші кезеңінде 6 жүлделі орын белгіленеді:

- 1 орын (біреу);
- 2 орын (екеу);
- 3 орын (үшеу).